

VI-VII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНА МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Садыкова А.К. , Балаби А. 

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз
e-mail: asemakaznri@mail.ru, almaz.balabi0102@mail.ru

Мақалада VI-VII ғасырлардағы халықаралық аренада түркілердің орны және негізгі халықаралық қатынастары туралы қарастырылған. Орталық Азияда түркілердің алатын орнына баға беріліп талдау жұмысы жүргізілген. VI-VII ғасырларда билік еткен қағандардың халықаралық қатынастардағы рөлі анықталып, оларға баға берілген.

Сонымен қатар, Қытай, эфталиттермен түркілердің саяси-экономикалық жағдайы анықталып, олардың қарым-қатынасы сараланды. Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның түріктену үрдісі, түркеш, қарлұқ-қарахан дәуіріндегі аса қарқынды мемлекеттік, елдік, мәдени өркеніетке жол ашылғандығы қарастырылды.

Кілт сөздер: *түрік, Орталық Азия, эфталит, Қытай, империя.*

Кіріспе

«Түрік» сөзі ең алғаш рет қытай және соғды жазбаларында, атап айтқанда, Монғолиядан табылған Бұғыты жазбаларында (582-583 жж.) кездеседі [1, с. 85]. Бұдан кейін көп ұзамай-ақ бұл термин византиялықтардың, арабтар мен сириялықтардың жазбаларына, сондай-ақ санскритке, әр түрлі иран тілдеріндегі және тибет тілдеріндегі жазбаларға түседі [2, 28 б].

Өзінің ата-бабаларының державасы және алғашқы қағанның жаулауы туралы мәлімдейтін VIII ғ. түркі тарихнамашысы былай деп жазған: «Алдында (яғни, шығыста) Қадырқан тобырына шейін, артта (яғни, батыста) Темір есікке шейін өзінің халқын шоғырландырған» [2, 88 б.]. Қадырқандық тобыр – бұл Үлкен Хинган тауы, ал Темір есік – Байсун-тау тауындағы Бузгал өткелі, Самарқандтан Балхқа баратын жол бойында, Шахрисяздан оңтүстікке 90 км орналасқан. Өзіндік территориялық экспансиясында Түркі қағанаты Маньчжуриядан Кимерийлік Боспорға (Керчен бұғазы) дейін, Енисей бастауынан Амудария бастауына дейін созылып жатты. Осылайша, түркі қағаны алғашқы Евразия империясын құрушылар болды, саяси және мәдени мұрасы Орта Азия және Оңтүстік-Шығыс Еуропа тарихына маңызды әсер еткен.

Материалдар мен әдістер

Мақалада VI-VII ғасырлардағы халықаралық арена мен Орталық Азияда түркілердің алатын орнын тарихи салыстырмалы әдіс арқылы анықтап, деректердің шынайы объективтілік дәрежесін тексеріп зерттеу жұмысына талдау жасалынды.

Қарастырылған материалдар журналдардан, қосымша деректермен сараланып, жұмыс барысында айқындалды.

Негізгі бөлім

Белгілі түркітанушы Қайыржановтың талдауы бойынша «түрік» терминінің үш түрлі мағынасы бар. VI-VIII ғғ. үшін бұл Ұлы Даланың орасан зор бірлестігін (елін) басқарған кішкентай ғана этнос, ол VIII ғ. ортасында тарих сахнасынан кетті. Ал IX-XII ғғ. үшін түріктер – солтүстіктің жауынгер халықтары, соның ішінде мадиярлар, росстар мен славяндар да бар. Терминнің бұл мәдени-тарихи мәнінің оның шығу тегіне еш қатысы жоқ. Бұған дәлел қазіргі шығыстанушылар үшін «түрік» термині – шыққан тегі әр түрлі халықтар сөйлейтін тілдік топ қана болып табылады. Бұл «түрік» терминінің үшінші мағынасы [3, 121].

VI ғ. ортасында Орталық Азияда осы аймақ халықтарының тарихында маңызды роль атқарған, кемеліне жеткен дәуіріндегі Рим империясымен салыстыруға болатын мемлекеттік құрылым – Түрік қағандығы (551-744 жж.) қалыптасады [4, 93].

Күш-қуатының ең шарықтау кезіне жеткен кезде Түрік империясы Кореядан Қара теңіз жағалауларына дейін созылып жатқан орасан кеңістікті өзіне қаратты. Қытай түріктерге іс-жүзінде вассалдыққа түсіп, оларға жыл сайын орасан зор контрибуция төлеп тұрды. Деректерге сенетін болсақ, сол кездегі Солтүстік Қытайдың қос империясы да (Ци мен Чжоу) түркілерге алым төлеп тұрған. Түрік қағаны – Тоба ханның мына бір сөздері бізге дейін жеткен екен: «Оңтүстіктегі қос ұл (Чжоу мен Ци) бізге бағынышты болса болғаны, сонда аштық пен кедейліктен қауіп жоқ» [5, 89].

Батыс Түрік қағандығының даму дәрежесі жөнінде бізге, VII ғасырдың басында осы қағандықта болған будда монахы Сюань Цзан мәлімет береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған жасыл жібек желбегей киген. Оның қасына ерген екі жүзден астам тарханы бар, олар қамқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген. Басқа сарбаздары аң терісінен тігілген ішік киген, бөріктері жұмсақ матадан тігілген, қолдарына ай балта, садақ, ту ұстаған. Аттары өңшең сәйгүлік. Түйе, ат мінген адамдардың көптігінен көз сүрінеді», - дейді саяхатшы [6, 63]. Одан әрі қағанның киіз үйі туралы айтқанда, «оның алтынмен сәнделгені соншалық, тіпті, көз қаратпайды», дейді ол. Көптеген елдерде болған және көпті көрген Сюань Цзанның өзін қаған ордасындағы сән-салтанат пен байлық, буддизмге қызығушылық танытылуы, қытай және басқа да тілдерді білуі таң тамаша қалдырған. Бұл керемет сән-салтанат түрік қағандарының сол дәуірдегі халықаралық аренадағы күш-қуатының сыртқы көрінісі еді [6, 116].

Қытай императорларының көреген саясатының нәтижесінде түрік қағандарымен кездесу кезінде келіссөздердің сәтті жүргізілуі үшін императорлар түркілердің жандарына жақын болған аң аулауды ұйымдастырып, аң аулау кезінде маңызды мәселелер шешкен. Көшпелілер қытайлықтардың аң аулау кезінде жүргізетінін болжап, өздерімен бірге, асыл тұқымды арғымақтар мен бүркіттерді және аң аулауға әбден машықтанған жігіттерді де ала баратын. Сөйтіп, аңға шығу және арғымақтарды сыйлау дәстүрі Қытай мен Орталық Азия халықтарының саяси-мәдени байланыстарының негізін қалады [7, 144 б.].

Түрік тайпаларының территориялық иеліктерінің орталығы Шу өзенінің алқабы болған, бұл жерлерде жазба деректердегі мәліметтер бойынша Батыс Түрік қағанатының саяси орталықтары: Суяб, Баласағұн, Мерке қалалары орналасқан. Өзіндік саяси және экономикалық мегаполистері бар әрбір орталық қағанаттың өркендеп дамуының барлық кезеңінде қызмет етті [8, 154 б.].

Қағанаттың батыс территориясының билеушісі Бумын-қағанның інісі Истеми (византиялық тарихи шығармасында Сильзибул немесе Дизавул және араб тарихи шығармасында Синджибу) болған; ол Ашин түркілік династиясының батыс тармағы үшін дәстүр болған яғбу-қаған титулын иеленген. Яғбу (явуга) әскери титул эфталиттерде сақталынған түркілердің кушандық саяси дәстүрінен алып пайдаланылған. 575 ж. қайтыс болған Истеми кезінде түркілер батыста өзіндік әскери қуаты шегіне жетті.

555 ж. батысқа қарай бет алған түркі тайпалары Жетісу мен Сырдария мен Арал маңына дейінгі Қазақстанның барлық далалы зонасын иемденді. Мүмкін сол кездің өзінде-ақ түркілік яғбу-қағанның сюзерендік жоғарғы өкімет билігі Хорезмге таралған. Түркілердің батысқа қарай қозғалысы жай ғана жаулау емес, орталықазиялық түркі тілді тайпалардың ірі миграциясы және Орта Азияның солтүстік және шығыс таулы-далалы аудандарға, ең алдымен қазақ даласына қоныстану болған. Тілдері бойынша түркілермен туыс жергілікті көшпелі тайпалар не түркілермен құрылған әскери-административті жүйесіне қосылған, не болмаса аварлармен бірге Оңтүстік-Шығыс Еуропа даласына қашқан, солардың этникалық атын қабылдап, аварлардың әскери потенциалын күшейткен. Соңғы жағдай VII ғ. басын жазушы византиялық автор Феофилакт Симокаттаға сол

қашқындарды «псевдоаварлар (жалғанаварлар)» деп атауға түрткі берді. Алайда баска византиялық тарихшы Менандрдың (VI ғ. аяғы) дәлеліне қарағанда түркілердің өздері қашқан жауларын аварлар деп атаған [2, 88-89 б.].

Орта Азия отырықшы тұрғындары бар қалалы жерлердегі болған әлеуметтік, экономикалық немесе саяси жүйесіне түркілердің енгізген өзгерісі жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Керісінше, үзінді мәлімет көздері жаулаудың бастапқы ерте сатысында да түркі қағаны мұнда өзінің сюзерендік жоғарғы өкімет билігін бекітумен және салық алумен шектелгендігін жормалдауға мүмкіндік береді.

Көшпелі тұрғындар «он жебелі тайпа одағында» (он оқ будун) ұйымдастырылған, сол уақыттағы шығыс түркілерде болған әскери-административті жүйенің толықтай аналогиясы болған. Истеми-яғбу-қағанның өзі қытай деректерінің бірінде «он тайпаның қағаны» деп аталған. Алайда кейінгі мәліметтер көзіне қарағанда «жебе» туыстайпалық ұйымның емес, ал әскери-административті ұйымның формасы болған. «Жебе» құрамына жалпы атау қабылдаған бірнеше тайпа енген болуы мүмкін. Әрбір «жебе» бір түмен, яғни «ұлы жетекшісі» (шад) бар он мыңдық әскер қойған және өзіндік соғыс жалауына ие болған. Барлық «он жебе» әрбірінде «бес жебеден» батыс және шығыс одақтарға топтастырылған. Сол дәуірдің қытай документтері мәлімдейді: «Шығыс жақ дулудың бес тайпасы деп аталған, басшысына бес ұлы чор қойған. Батыс жағы нушибидің бес тайпасы деп аталған. Олардың басында бес ұлы иркиндер тұрған. Кейінірек әрбір жебе тайпа деп аталған, ал жебенің ұлы көсеміне ұлы жетекші атағы берілген. Дулудың бес тайпасы Суябтан шығысқа қарай мекендеген; нушибидің бес тайпасы Суябтан батысқа қарай мекендеген» [2, 89-90 б.].

Екі қанатқа бөліну ертедегі және ортағасырлық көптеген ірі түркі тайпалық бірлестіктерде болған. Ғұндық тайпалық бірлестік «шығыс» және «батыс» жаққа бөлінген, оғыздық конфедерация, жартылай мифтік прототипі Оғыз-хана ұлысы бузуктар мен учуктарға бөлінген. Оғыздық конфедерацияның кіші тармағы учуктар билігінің символы жебе болған. Ашин династиясының батыс тармағының яғбу-қағаны қағандық туыстың кіші линиясы болып саналған және шығыс тармақтың қағанына да аты аңызға айналған «Оғыз-нама» генеалогиясындағы учуктардың бузуктарға сияқты сондай қатынаста болған. VII ғ. Шығыс Түркі қағанатындағы «он жебелік» жүйе «он екі тайпа» жүйесімен алмастырылған, ол екі конфедерацияға – телистер мен тардуштерге (шығыс және батыс қанат) бөлінген. Осы соңғы жүйе VIII ғ. Ұйғыр қағанатында мұра болып қалған.

Осылайша, 555 ж. Түркі қағанаты құрылғаннан кейін үш жылдан соң оның батыс (ортаазиялық) территориясында әскери-административті жүйе құрылған, соған ұқсас жүйе шығысында да болған, бірақ екеуі бірікпеген. Қағанаттың ыдырауына әкелген саяси жағдай қалыптасты.

Жаңа территорияларды игеру түркілерді эфталиттердің қуатты мемлекетімен көрші етті, олардың шығыс билігі (Хотан және Жетісудағы вассальды князьдік) түркілер тарапынан басып алынған болатын. Түркі-эфталиттік қарым-қатынаста пайда болған қастық 8 жылдан аспаған. Индиядағы соғысқа және Ираннан төнген қауіпке байланысты эфталиттер далаға жорық жасауға шешім қабылдай алмады. Түркі көсемдері өздерінің басты мақсаты деп Еділге қашқан аварларды толықтай талқандауды санады.

558 ж. түркілер Еділ өлкесі мен Жайық маңын бағындыруды аяқтады. Сол жылы император Юстиниан Константинопольда батыста Еділден бастап ауқымды жерді және Солтүстік Кавказды иемденген аварлар қағаны Баянның елшісін қабылдады. Жуық арада аварларға византиялық елшілік келді. Мұның барлығы Истемиді үрейлендірмей қоймады, сонымен бірге аварлардың жаңа түркілік билікке жасаған шапқыншылығы қағанаттың батыс шекарасында қиын жағдай қалыптастырды.

Сонымен бірге VI ғ. 50 ж.ж. соңында Истемидің алдында эфталиттерге қарсы табысты әскери әрекет перспективасы ашылды. Иранның шахы Хосров I Ануширван (531-579) эфталиттерге салық төлеуді тоқтатып, 557 ж. бері эфталиттерге қарсы соғысқа дайындалып жүрген ол Византиямен уақытша бітімді қайта жаңғыртады. Дегенмен, берік

бітім туралы нақты шешімге 561-563 ж.ж. ғана қол жеткізеді, Хосров түркілерге эфталиттерге қарсы әскери одақ құруды ұсыныс жасайды. Одақ жасалып, некелік бітіммен нығайтылады – Истемидің қызы Хусровка әйел болып, Хормизда тағының мұрагері анасы болады. Бұл одақ көшпенділердің жаңа жорығының бағытын анықтап берді. Константинопольға нушиби тайпасының бірінің көсемі Эскиль Кюль-иркин басшылығымен түркі елшілігі жіберіледі, ол жерде императордан аварларға көмек беруін тоқтату мақсатында 563 ж. болады. Батыстан Балхқа Иран әскерлерінің келуімен қолдау тауып отырған қаған армиясы эфталиттердің жеріне шығыстан басып кіреді. «Шах-нама» бойынша шешуші шайқас Бұхара түбінде болған. Эфталит патшасы Гатифара әскерлері талқандалады. Тек азғантай эфталит билігі Тохаристанда аз ғана уақыт тәуелсіздігін сақтап қалды, алайда оның өзі жуық арада Хосров билігіне өтті. Хосров өз билігін бұрынғы эфталиттердің жері оңтүстік Аму-Дарияға таратты.

Эфталиттердің мұрасын бөліп алуда басталған Хосров пен түркі қағанаты арасындағы ала ауыздық жуық арада ашық шиеленіске айналып, екі державаның әртүрлі экономикалық қызығушылықтарының себебі болды.

Орта Азияны жаулап алғаннан кейін түркілер Қытайдан басталып Жерорта теңізі елдеріне дейінгі сауда жолы – Ұлы Жібек жолының біршама бөлігінің иесіне айналды. Жібек саудасының басты делдалдары соғдылар (жолдың орталықазиялық және ортаазиялық бөлігінде) және Пайкенден (Бұхара маңы) Сирияға дейінгі жолды бақылаушы парсылар болған. Жібек маталарының негізгі сатып алушысы Византия болған. Жібек саудасы соғдылық саудагерлер мен түркілік хандарға көлемді табыс әкелген. Түркілер соғдылардың арқасында қытай патшалығынәтәленетін әскери төлем мен салықтан құтылуға мүмкіндік алды. Соғдылар қымбат жібек матасының көптеген мөлшерін қолдарында ұстаған. Сонымен қатар, IV ғ. соңында Соғдыда жергілікті шикізаттан жібек өндіретін өз өнеркәсібі болған. Соғдылық жібек батыста ғана жоғары бағаланған жоқ, оларды тіпті Шығыс Түркістан және Қытайға тасыған. Бұл маталардың өндірілуі VI ғ. соғды қалалары үшін маңызды мәселеге айналды. Иранда және Византия империясында, әсіресе Сирия және Египетте дамыған жібек өндіретін өнеркәсіп болды, бірақ та оған қажетті жібек-шикізаты Шығыс Түркістан және Орта Азиядан әкелінді. Алайда, VI ғ. Иранда және Византияда өзінің жібек-шикізаты пайда болды.

Ол елдерде жібектің алғашқы өндірілуі және тұрақты сауда жөнінде келісімге келуі Иранда соғдылармен қабылданған. Соғдылардың елшісі Маниах онда 566 немесе 567 ж.ж. түркі қағанының өкілі ретінде барған. Алайда Хосров өз еліне түркілердің еркін кіруінен үрейленген және шеттен келген жібектің ирандық рынокта санының бірден артуына мүдделі болмаған, себебі жергілікті жібек өндіруші өнеркәсіптің табысын азайтатын еді. Маниах әкелген жібекті сатып алып, сол мезетте әкелінген тауарды жағып жіберген. Содан кейін Маниах одан маңызды сатып алушы – Византияға әрекет жасайды. 567 ж. ол түркі қағанының елшілігін бастап Константинопольға барады. Византия да Иран сияқты соғдылық жібекке деген қажеттілік жоқ еді, бірақ түркілермен бірге парсыларға қарсы одаққа мүдделі еді. Константинопольдық сарай саясатының нақ осы аспектісі сауда келісім шартын бекіту үшін соғдыларды пайдалануға тырысты.

Түркі елшілігі император сарайында құрметпен қарсы алынып, түркілер мен Византия арасында Иранға қарсы әскери келісім-шарт жасалынады. Маниахпен бірге түркі ставкасына византиялық елші, империяның «шығыс қалаларының стратегі» Земарх Киликиец шығады. Қаған Земархты өз ставкасының маңындағы Тянь-Шаньдағы «Алтын тауда» қабылдайды. Және тез арада саяхатшыға түркі әскерлерін Иран жорығына бастап баруды ұсынады. Түркі шапқыншылығын шах дипломатиялық жолмен тоқтата алмайды және түркілер Гурганда бірнеше бай қалаларды басып алады. 569 ж. оның әскерлері Соғдыға қайтып оралады.

Оның артын ала Истеми әскери әрекетін Волгаға ауыстырады, 571 ж. Солтүстік Кавказды жаулап, Боспорға (Керчь) бағыт алып, аландар мен утигурларды бағындырады. Хорезм, Еділ өлкесі және Кавказ немесе Крым арқылы баратын қиын айналма жолды тазалады. Византиялық тарихшы Менандр 568-576 ж.ж. аралығында түркілерге жіберілген

жеті византиялық елші туралы жазады және әрбір елшіге түркілер, соғдылар және хоезмдіктер қосылғандығы туралы баяндайды. Олардың саны жиі көп болған – Валентин елшілігіне, мысалы, 576 ж. 106 «түркілер», яғни Константинопольда әртүрлі уақытта болған қағанның қарамағындағылар қосылған. Олардың көпшілігі саудагерлер болған. Византиямен арадағы тұрақты саудалық байланысты Орта Азиядан табылған VI ғ. византиялық монеталы көпсанды табылмалар дәлелдейді. Дегенмен, 575-576 ж.ж. түркі-византия қарым-қатынасы қысқа уақытта кенеттен шиеленісіп кетті. Истеми-қаған өлімінен кейін, ұлдарының бірі Турксанф өз үлесін қағанаттың қиыр батысынан алып, бейбіт келісімге наразы болып, аварлармен іс жүргізген император Юстин II-ні, Византияны одақтық қарым-қатынасты бұзды деп айыптап, Киммерлік Боспорды жаулап алады және Қырымға басып кіреді (576). Дегенмен, ол жартылай аралды тастап кетуге мәжбүр болады.

Түркілердің Иранға екінші жорығы 588-589 ж.ж. жатады. «Түркілердің патшасы» Савэ (немесе Шаба) бастаған әскерлер Хорасанға басып кіреді. Герата маңында оны атақты қолбасшы Бахрам Чобин бастаған иран әскерлері күтіп алады. Ол түркі әскерлерін талқандап, «түркі патшасын» садақпен атады. Қарымта қайтару сәтсіз аяқталады және екі жақ достасады.

Сасанидтер арабтар тарапынан талқандалғанға шейін Орта Азиядағы түркі билігі мен Иран арасындағы шекара өзгеріссіз қалған. Барлық осы жылдардың азды-көпті реттілікпен жібек және басқа да тауарлар тасыған керуендер батысқа Иран арқылы, Хорезм арқылы және Еділ өлкесі арқылы өткен.

Түркі қағанатындағы түршіктіретін сепаратистік тенденциялы және ішкі туыс билікті бөлісуге бағытталған күресті өзара соғыс 20 жылдан астам уақытқа созылып, 603 ж. аяқталып, екі мемлекетке – Жоңғария мен Шығыс Түркістанның бір бөлігін қоса алғанда Орта Азияны қамтыған Батыс Түркі қағанаты және Моңғолиядағы Шығыс Түркі қағанатына ыдырап кеткен. Батыс Түркі қағанатының Шегуй (619-618) және Тон-яғбу қағандары кезіндегі қысқа уақыт гүлденуі жаңа мемлекеттің максимальды территориялды экспансия уақыты болды, тоқтаусыз және сәтті жорық үшін қаған билігінің қамқорлығының арқасында тайпа күштерінің бірігіп, әскери-тайпалық ақсақалдарының әсерінің күшейіп, жылдам байыды. Шегуй Алтайды қағанаттың шығыс шекарасы етіп, өз билігін Бүкіл Тарим бассейніне және Памир өлкесіне таратты. Тон-яғбу қағанаттың белсенді батыс саясатын қайта дамытып, өзінің қысқы резиденциясын Шу өзені алқабындағы ірі сауда-қолөнер орталығы – Суябқа (Тоқмақ қаласының жақын маңдағы Ақ-бешим қалашығы алдында), ал жазғы ставкасын – Исфиджабқа (қазіргі Түркістан қаласынан алыс емес) таяу орналасқан Мың-бұлаққа ауыстырған. Жаңа жорықтар қағанаттың шекарасын Аму-Дария бастау және Гиндикушаға дейін жылжытқан. Оңтүстігін (Тохаристанды) басқаруды Тон-яғбу өзінің баласы Тарду-шадқа берген, ставкасы Құндызда орналасқан.

Тон-яғбу Византиямен келісім-шарт қарым-қатынасын жүзеге асырып, императоры Ираклияның Күнгей Кавказға үшінші жорығында өзі қатысады (627-628 ж.ж.). Түркілер олардан алынған Чоре (Дербенте) және Тбилисиден үлкен табысқа қол жеткізеді. Тон-яғбу-қағанның апофеозды табысы оның Тбилиси қабырғасының түбіндегі Ираклиямен кездесуі болды, сол кезде византиялық император түркі ханының басына өзінің тәжин кигізіп, оған өзінің қызы ханшайым Евдокияны беруге уәде береді.

Тон-яғбу-қаған кезінде қағанатта алдында негізінен тәуелсіз, тек салық төлеумен шектелген тәуелді ортаазиялық мемлекеттерген аса қатаң саяси бақылау орнатылды. Оның билігіне тәуелді Исфиджаб және Чачадан (Ташкент оазисі) бастап солтүстікте Оңтүстік Ауғаныстан, солтүстік-батыс Пакистан территорияларына дейінгі жерлерге қағанның уәкілетті адамдары – тудундар жіберілді, оларға салық жинаушылардың үстінен бақылау және салықтың қаған ставкасына жеткізу міндеті жүктелді. Жергілікті иеленушілер түркі титулына «назары» болды. Сонымен бірге, Тон-яғбу қаған ірі жергілікті иеленушілермен байланысын нығайтуғы тырысты; ол өз қызын Орта Азияның аса күшті иеленушісі – Самарқанд басқарушысына берді. Тон-яғбу билігін қорытындылап, қытайлық хроникашы былай деп айтады: «Батыс варварлары ешқашан мұншалықты қуатты болмаған» [2, 95 б.].

«Өзінің күш-қуаты мен байлығына сеніп, тәуелділерге қатігез болған» Тон-яғбу билігінің деспотикалық сипаты сәтті соғыстар барысында сепаратизммен байыған тайпа ақсүйектерінің санының артуына байланысты қарама-қайшылыққа тап болады. Өзара қақтығыстарды тоқтатуға тырысқан Тон-яғбудың көкесі Кюль-бахадур жиенін өлтіріп, өзін Кюль Эльбильге-қаған деп жариялайды. Алайда тайпаның бір бөлігі басқа үміткерді қолдайды және тайпааралық соғыс басталады. 630-634 ж.ж. қағанат батыста Сырдариядан бастап ортаазиялық билігін жоғалтты. Мемлекет ұзаққа созылған саяси кризиске ұшырайды, басты себебі дулу және нушиби - батыс түркі тайпалық одағынан тұратын екі конфедерация ақсүйектерінің арасындағы билік үшін күрес болды.

634 ж. билікке нушибилердің сүйеніші Ышбара Эльтериш Шир-қаған келеді. Ол «он жебенің» әскери-административті жүйесі әрекетін қайта жаңғыртуға ұмтылыс жасады. Жаңа реформалар нәтижесінде тайпа көсемдері қаған арқылы тағайындалатын немесе бекілетін болды. Сонымен қатар, әрбір «жебені» бақылау әрекетін жүзеге асыру үшін қаған туысының мүшесі – чад жіберілді, оның тайпа ақсүйектерімен ешқандай байланысы болмаған және орталық билік тарапынан нұсқау алып отырған. Жергілікті көсемдердің саяси инициативасы бірден шектелді. Алайда қағандық биліктің әскери-саяси ресурсы тайпаларды бағындырып ұстап тұру үшін жеткіліксіз болды. 638 ж. дулу тайпасы өздеріне жіберілген шадтың бірін қаған етіп сайлап алды. Дулу мен нушибилер арасындағы қантөгіс және ауыр соғыстан кейін қағанат «екі патшалыққа» ыдырап кетті, екі патшалықтың шекарасының арасында Іле өзені ағып жатты. Ышбара-қаған тақтан құлатылып, Ферғанаға қашады [2, 96-97 б.].

Тайпааралық соғыс және династиялық күрес келесі 17 жыл бойы жалғасты (640-657), ақыр соңында Жетісуға қытай әскерлерінің басып кіруімен аяқталды. «Он жебе» жасағы жеңіліске ұшырады, ал оның соңғы тәуелсіз билеушісі Нивар Ышбара-яғбу-қаған (қытай деректерінде Ашина Хелу) тұтқынға алынып, екі жылдан кейін 659 ж. қайтыс болады.

Таңдық империя батыс түркі тайпаларын қаған туысының ішінен өздері арқылы тағайындалған қол шоқпар арқылы басқаруға тырысты. Бұл әдіс бірнеше уақыт бойы нәтижелі болды, бірақ түркілердің тәуелсіздікке үздіксіз күресі VII ғ. сәтті аяқталды. Батыс түркі мемлекеті Уч-элиг түркеш тайпасының көсемін қайта тағайындайды. Сол уақытта Орталық және Орта Азияда жаңа саяси жағдай қалыптасты, оған Орта Азиядағы Шығыс түркі қағанатының қайта өркендеуі және арабтардың жаулауы себепші болды.

Батыс түркі қағанаты (өзіндік атауы Он Ок Эли - «Он жебе мемлекеті») шығыстағы Түркі қағанатына әдеуір ерекшеленді. Егер шығыста көшпелі өмір басым болса, ал батыста тұрғындарының басым бөлігі отырықшы болған және егіншілікпен, қолөнер және саудамен айналысқан. Батыс түркі қағанатының әлеуметтік құрылымы теңдессіз күрделі болды, оны Шығыс түркі қағанатына қарағанда феодалдық қарым-қатынасы салыстырмалы дамыған мемлекет деп санауға болады.

Батыс түркі қағанатының ертеортағасырлық қалалық және диқаншылық мәдениеті соғдылардың қатынасуымен құрылған, олар өздерінің сауда-диқаншылық колониясын Ұлы Жібек жолында – Жетісуда, Жоңғарияда, Шығыс Түркістанда, Солтүстік Қытайда құруды ерте бастаған. V-VII ғ.ғ. Талас өзені аңғарындағы (түркі дерек көздерінде «Аргу елі»), Шу және Іле өзені аңғарларындағы интенсивті соғдылық колонизация он шақты қалалар және бекініс поселкелерінің құрылуына әкелді. Соғдылардың Жетісуға, әсіресе Шу аңғарына негізгі ағымы VI-VIII ғ.ғ. сәйкес келеді. Сол уақыттың елдімекендері, әсіресе қазақстандық археолог К.М.Байпақов басқарған зерттеушілер қазылып зерттелінген. Олар көлемі бойынша Орта Азияның көптеген ертеортағасырлық қалаларынан қалыспайтын үлкен қалалар болған. Олардың орталық бөлігі цитадельден және берік салынған шахристаннан тұрған. Шахристанға үй-жай салынған территорияның қабырғаларымен қоршалған рабад (қолөнер-сауда түбіндегі елдімекендер) жанасып жатыр; үй-жай қамалы – бау-бақшамен және жүзімдіктермен қоршалған, бір-бірінен 50-100 м алшақ орналасқан. Оларға жанасып қала тұрғындарының егістік жерлерінен тұратын жер де дуалмен қоршалған.

VI-VIII ғ.ғ. Шу аңғарында 18-ден кем емес ірі қалалар және аса көп ұсақ елдімекендер болған, соғдылар, түркілер, сириялықтар, парсылар қоныстанған және солар негізін қалаған. Жетісудағы қалалар және олардың тұрғындары туралы алғашқы сипаттама қытай саяхатшысы Сюань Цзанға жатады, 630 ж. елде болған: «Мөлдір өзеннен (Ыстық-көл) солтүстік-батысқа 500 ба жүргеннен кейін Суй-е (Суяб) қаласында болдық. Бұл қала 6-7 ма шенберлі. Онда әр елдің саудагерлері мен хулар (соғдылар) тұрады. Жерлер қызыл прос және жүзім егу үшін пайдаланылады. Мұнда орман сирек, климаты желді және суық. Адамдар жүнді маталы киімдермен киінеді. Суй-едан батысқа қарай бірнеше ондаған жекелеген қалалар орналасқан, олардың әрқайсысының өзінің қауым бастығы бар. Олар бір-біріне тәуелді емес, бірақ барлығы түркілерге бағынады» [9]. Саяхатшы осы сөздермен басқа ірі қала – Таласты сипаттап жазады. Саяхатшы өзінің бақылауларын былай баяндайды: «Суяб қаласынан Кушания княздігіне дейінгі ел Соғды деп аталады, оның тұрғындары да сол атаумен аталады». Сюань-Цзан өзін шебер бақылаушы деп көрсеткен, дегенмен жетісулық қалалар мен Соғдының өзінің арасындағы этникалық айырмашылықты таппаған.

Соғдылардың киімін, сыртқы көрінісін және жазуын сипаттап жазған Сюань Цзан олардың әдеттері – саудалық іскерлігі, будда монахын олжаны айнытуына байланысты куғындауы, қауымдық әбігерді уағыздаушылардан түңілу туралы мадақтап пікір білдірмеген. Алайда қажы бір аса маңызды, соғдылық тұрғындардың күнделікті өмірі шенберін оқырмандарына таныстыратын жағдайды айтып өтуді ұмытпады: «Диқаншылықпен айналысатындар да, пайданың соңына түскендер де (яғни, қолөнершілер мен саудагерлер) – тепе-тең». Бұл тек сауда-қолөнерлікті ғана емес, сонымен қатар соғдылық қалалардың ауылшаруашылық сипатын да меңзейтіндігінің куәсі, ол археологиялық бақылауларда да дәлелденген.

Батыс қағанатындағы VII-VIII ғ.ғ. қаған билігі шығыстағы сияқты соншалықты күшті болмаған. Әскери-тайпалық ақсүйектерінің әртүрлі топтарының қиян-кескі күресі кезінде кімнің қолында әскери күш болса, солар әрбірі өз еліне саяси және экономикалық тірек табу мақсатында жиі қағанды жалған фигура еткен. Бұл жағдайда ірі бекініске, қуатты әскери отрядқа және ірі саудалық-дипломатиялық байланыстарға ие үлкен және бай соғдылық қалалар тек пайдалы болған. Олар ірі сыртқы немесе ішкі қақтығыстарда «үшінші күш» ретінде қатысудың тұрақты мүмкіндігіне ие болған. Түркілік қағандар өздерінің соғдылық бағыныштыларын «таттар», яғни тәуелді алым-салық төлеушілер айтуға негіздер бар, мемлекеттің ақшалық эмиссиясын қоса алғанда, барлық деп атаған. Алайда, Батыс қағанатта соғдылардың рөлі аса маңызды болған деп экономикалық өмірі солардың бақылауында болған. Түркі және түркеш қағандарының астанасы Суябтан қазбалар кезінде табылған VIII ғ. барлық жергілікті монеталар соғды тіліндегі аңызға ие және соғдылық шеберханасында құйылып жасалған.

Нәтижелер және талқылау

Батыс Түркі қағанатының географиялық орналасу жағдайына назар аударсақ, оның батысы мен оңтүстігі феодалдық қатынастар әлдеқашан орныққан Византия мен Ирандағы сасанилер әулетімен, эфталиттермен шектесіп жатқанын көреміз. Түркілер көрші жұрттармен әлдеқашан әскери, экономикалық, сауда қарым-қатынас орнатып, әлемнің төрт бұрышын жалғап жатқан Ұлы Жібек жолына бақылау орнатып алған еді. Қағанаттың, әсіресе, шаруашылығы біршама дамыған Таң патшалығымен тығыз қарым-қатынас орнатып, Шығыс Түркістан мен Орта Азиялық қала бектіктері, Соғды мен Бұхараға иелік етуі қоғамдық шаруашылықты еркін дамытуға кең жол ашты.

Батыс Түркі қағанатының қоғамдық шаруашылығының өзіндік ерекшелігі – дала мен қала, көшпелі шаруашылығы мен отырықшы егіншілік, қолөнер мен сауданы ұштастыра білген әмбебап шаруашылық жүйесін қалыптастыра алғандығында еді.

Батыс Түркі қағанатындағы шаруашылықтың басым саласы көшпелі мал шаруашылығы болды. Өйткені қағанаттың негізгі ұйытқысы болған «он тайпа елі» көбіне мал шаруашылығымен айналысты. Дәстүрлі төрт түліктің сыртында қашыр, қодас бағып,

оларды жүк көлігі ретінде пайдаланды. Ал Іле, Шу, Талас, Сыр бойындағы құнарлы дала мен тау баурайларында егіншілік пен бау-бақша өсіру жақсы жолға қойылды. Тау баурайларында тары мен бидай ексе, сулы жазықтарда бұршақ, күріш, мақта егіп, алуан түрлі жеміс-жидек өсірді [10, 112 б.].

Батыс Түркі қағанаты халқы өзінің қолайлы географиялық жағдайына қарай Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырушы рөл атқарды.

Түркілер Жібек жолы бойымен жүретін сауданың өркендеуіне барынша мүдделі болғандықтан, үлкенді-кішілі қалалар мен керуен сарайларына, диканшылыққа бой үйретіп бірте-бірте отырықшылыққа бет бұра бастады. Бұл тұста қалалар жаппай гүлденді.

Қалалар сауда керуен жолдарына тізбектеле орналасты. 629-630 жылдары Ыстықкөл мен Шу, Талас өңірін аралап өткен діндар саяхатшы, монах Шуан заң өз қолжазбасында: «Суябтың батысында бір-бірінен тәуелсіз, бірақ бәрі де түркілерге бағынышты он шақты қала бар», – деп жазған еді.

Сауданың тез қарқынмен дамуы ақшаны қажет ете бастады. Батыс Түркі аумағында Византия ділдәсі, сасанилік Персияның күміс ақшалары, Қытайдың бочуан дейтін мыс жармағы мен кай йуан тұң бау деге қола жармағы, сондай-ақ түркілердің өздері соқтырған жармақтар кеңінен қолданылғанын археологиялық қазбалар кеңінен дәлелдеп отыр.

Жібек жолы саудасын бақылауда ұстаған түркілер көршілес қытай мен ирандықтардан көргенін істеп, өткелдер мен керуен сарайларда «жолхат» беру-тексеру тәртібін енгізді. Жолхатта жолаушының аты-жөні, түрі, жасы, киімі, алып бара жатқан жүгі мен бұйымдары, ұлты немесе қарасты елі жазылған болатын. Тауарлардан бажы алудың, бақылаудың тиімді жолын түркілер де пайдалан білгеніне қарағанда, ол заманда жазу кеңінен жолға қойылған сияқты [10, 113 б.].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Батыс түркі қағанаты байырғы үйсін жерінде түркілер құрған қуатты, дербес қағанат ретінде Орталық Азия тарихында аса зор рөл атқарды.

Батыс Түркі қағанаты Алтайдан Атырауға, Ертістен Әмударияға дейінгі ұлан-байтақ территорияны мекендеген, нәсілдік тегі, шаруашылық мен тұрмыс-салты, мәдениеті мен тілі бір-біріне жақын ру-ұлыстарды бір шаңырақ астына біріктіру арқылы оларды өзара жақындастырып, этникалық бірігу халық болып ұйысудың алғы шартын жасады.

Батыс түркілері Тоң Жабғу қаған тұсында өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Шебер дипломатиялық саясат пен қуатты әскери күшке сүйеніп, ғасырлар бойы Иран-Тұран шекарасы болып келген Әмудариядан өтіп, Парсы патшалығын тізе бүктірді. Шығыс пен батысты жалғаған «Жібек жолына» бақылау орнатып, Ұлы Даланың экономикалық, сауда және мәдениет алмасуын жолға қойды.

Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның түріктену үрлісін орнықтырып, түркеш, қарлұқ-қарахан дәуіріндегі аса қарқынды мемлекеттік, елдік, мәдени өркениетке жол ашты. Түркі халықтарының отырықтану, қала жұртына айналу, дала-қаланың арасын жақындату барысын барынша тездетті. Айырбас сауда мен тауар өндірудің, ақша айналымының артуына орай қалалар көбейіп, түркілердің орталық қалалары әлемдік маңызы бар сауда-мәдениет орталықтарына айналды.

Өткір әлеуметтік қайшылықтар, түркілердің шапқыншылығы мен ішкі қырқысу соғыстары Қытайдың ежелден келе жатқан өте бағалы да бай мәдени құндылықтарының біршама бөлігін қиратып кетті. Соған қарамастан қытайлық мәдениет сақталып қана қоймай, ерте ортағасырларда бірашама жылдам дами түсті және VII ғасырда елеулі деңгейге көтерілді [11, 104 б.].

Түркі империясы тұсында (VI – VII ғғ.) Орта Азияның экономикасы мен мәдениеті гүлденіп өсті. Түркі империясының құрылуы мен ыдырауы түркі халықтарының батысқа қарай жылжуына алып келді. Шығыс пен Батыс мәдениеті араласып, бірін – бірі байытты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута// Страны и народы Востока. – М., 1971. Вып. X. – 147 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 382 б.
3. Каиржанов А.К. Мир древних тюрков. – Алматы, 1999. – 284 с.
4. Кадырбаев А.Ш. Тюрки Орхон-Енисейского периода в международных отношениях в Евразии // Материалы международной научно-теоретической конференции «Древнетюркская цивилизация: памятники письменности», посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. - Алматы, 2001. – 206 с.
5. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – М-Л., 1950. – 382 с.
6. Тугушева Л.Ю. Уйгурская версия биографии Сюан Цзана. – М., 1991.–121 с.
7. Алдабек Н.Ә., Абдраимова Н.Б. Қытай мен түркі халықтары мәдени байланыстарының тарихы (VII-XII ғ.): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 172 б.
8. Досымбаева А. Батыс Түрік қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы. – Алматы, 2007. – 186 б.
9. Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе // Известия Ан Каз ССР, СИАЭ, 1960. –206 с
10. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). Монографиялық зерттеу. – Алматы: Адамар ЖШС, 2007. – 432 б.
11. Алдабек Н., Түренбай А. Қытай мәдениетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 314 б.

REFERENCES:

1. Klyashtornyy S.G., Livshits V.A. Sogdiyskaya nadpis' iz Buguty [Sogdian inscription from Buguta] // Strana i narod Vostoka. - M., 1971. Vyp. KH. - 147 s.
2. Klyashtornyy S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan. Letopis' trokh tysyach let.[Chronicle of three thousand years] – Almaty: Ravan, 1992. – 382 s.
3. Kairzhanov A.K. Mir drevnikh tyurkov [World of ancient Turks]. – Almaty, 1999. – 284 s.
4. Kadyrbayev A.SH. Tyurki Orkhono-Yeniseyskogo perioda v mezhdunarodnykh otnosheniyakh v Yevrazii [Turks of the Orkhon-Yenisei period in international relations in Eurasia] // Materialy mezhdunarodnoy nauchno-teoreticheskoy konferentsii «Drevnetyurkskaya tsivilizatsiya: pamyatniki pis'mennosti», posvyashchennoy 10-letiyu nezavisimosti Respubliki Kazakhstan. – Almaty, 2001. – 206 s.
5. Bichurin N.YA. (Giatsint). Sbornik svedeniy o narodakh, zhivshikh v Sredney Azii v drevnosti.[A collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times] T. 1. - M-L., 1950. - 382 s.
6. Tugusheva L.YU. Uyghurskaya versiya biografii Syuan' Zany. [The Uyghur version of the biography of Xuan Zana] - M., 1991. -121 s.
7. Aldabek N.A., Abdraimova N.B. Istoriya kul'turnykh svyazey Kitaya s tyurkskimi narodami (VII-XII vv.): ucheb[History of cultural relations between China and the Turkic peoples (VII-XII centuries): textbook]. – Almaty: Kazakhskiy universitet, 2011. – 172 s.
8. Dosymbayeva A. Zapadno-Tyurkskiy kaganat. Kul'turnoye naslediye kazakhskoy stepi [Western Turkic Khaganate. Cultural heritage of the Kazakh steppe]. – Almaty, 2007. – 186 s.
9. Zuyev YU.A. Kitayskiye izvestiya o Suyabe [Kitayskie izvestiya o Suyabe] // Izvestiya Kaz SSR, GIAE, 1960. –206 s.
10. Istoriya kazakhskoy gosudarstvennosti (drevniy i srednevekovyy period). Monograficheskoye issledovaniye [History of Kazakh statehood (ancient and medieval period). Monographic study]. – Almaty: TOO «Adamar», 2007. – 432 s.
11. Aldabek N., Turenbay A. Istoriya kitayskoy kul'tury [History of Chinese culture]. – Almaty: Kazakhskiy universitet, 2011. – 314 s.

МЕСТО ТЮРКОВ В СРЕДНЕЙ АЗИИ И МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ В VI-VII ВЕКАХ

Садыкова А.К., Балаби А.

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Казахстан, город Тараз
e-mail: asemakaznpu@mail.ru,almaz.balabi0102@mail.ru

В статье рассматривается положение тюрков на международной арене и основные международные отношения VI-VII веков. В Средней Азии оценивалось и анализировалось положение тюрков. Определена и оценена роль каганов, правивших в VI-VII веках, в международных отношениях.

Кроме того, определялось политическое и экономическое положение тюрков с Китаем и эфталитами, дифференцировались их отношения. Рассмотрены процессы тюркизации Средней Азии и Восточного Туркестана, открытие пути к интенсивной государственной, национально-культурной цивилизации в тюркскую, карлук-караханскую эпоху.

Ключевые слова: *тюркий, Средняя Азия, эфталит, Китай, империя.*

THE PLACE OF THE TURKICS IN CENTRAL ASIA AND THE INTERNATIONAL ARENA IN THE VI-VII CENTURIES

Sadykova A., Balabi A.

Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty, Kazakhstan, Taraz city
e-mail: asemakaznpu@mail.ru,almaz.balabi0102@mail.ru

The article examines the position of the Turks in the international arena and the main international relations of the 6th-7th centuries. In Central Asia, the situation of the Turks was assessed and analyzed. The role of the Khagans, who ruled in the 6th-7th centuries, in international relations is determined and assessed.

In addition, the political and economic position of the Turks with China and the Hephthalites was determined, and their relations were differentiated. The processes of Turkization of Central Asia and Eastern Turkestan, the opening of the path to an intensive state, national and cultural civilization in the Turkic, Karluk-Karakhan era are considered.

Keywords: *murkic, Central Asia, Hephthalite, China, empire.*